• Туған тілдің толғағы

ТІЛ МҮДДЕСІ – ЕЛ МҮДДЕСІ

Мемлекеттік тілді түлету мен қажеттікке айналдырудың жолы сан алуан. Бұл орайда Отанымызда атқарылған іс аз емес. Соның бір әдемі үлгісін Парламент Мәжілісі көрсетті. Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мерекесі қарсаңында "Мемлекеттік тіл — ел бірлігінің кепілі" деген тақырыпта алқалы жиын өткізіп, тіл толғауын биік мінберден алуан түрлі әңгімеге арқау етті.

Ғылыми-практикалық конференция жайлы бұдан бұрын хабар берген едік. Енді сол алқалы жиында баяндама жасап, жетістігіміз қайсы, олқы тұсымыз неде деп ағынан жарылған Мәжіліс Төрағасынан бастап, белді де беделді салалардың тізгінін қолға ұстап келе жатқан азаматтардың айтқан ой-байламдарын оқырманға ұсынып отырмыз. Заң шығарушы органның бұл қадамы өзгелерді ойландырып, білек сыбанып, үн қосып жатса құба-құп.

Тіл мәселесінде барлығымыз үшін бағдаршам болуға тиісті заңнамалық актілер бар. Олардың біріншісі — "Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы" Заң, одан кейін — Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Осы негізгі құжаттарда айтылған біраз жайдың орындалмай жатқаны белгілі. Алдымен Тіл туралы Заңды алайық. Заңның 4-бабында "Мемлекеттік тіл — мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі", — деп жазылған. Бірақ осы қағиданы ойдағыдай жүзеге асыруда мемлекеттік органдарда нақты әрекет тіпті жеткіліксіз. Республиканың мемлекеттік органдары мен ұйымдарында заңдарды, қаулы-қарарларды және басқа ресми құжаттарды жауапты адамдар негізінен орыс тілінде дайындайды, ал олардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын дайындау тұтастай аудармашының еншісіндегі іске айналды.

Өзімізге тікелей қатысы бар мемлекеттік тілде заң әзірлеу мәселесіне тоқталсақ, Мәжілісте заң жобаларының дені Үкіметтен түседі. Үкімет заң жобаларын мемлекеттік тілде дайындау ісінде әлі күнге ескі әдеттен арыла алмай келеді. Заң жобалары алдымен орыс тілінде әзірленіп, содан кейін ғана мемлекеттік тілге аударылып жүр.

Заң шығарушы орган болғандықтан, біз үшін ең үлкен шешілмеген мәселе осы. Және бұл мәселенің төңірегінде істен гөрі сөз көп. Іс демекші, мемлекеттік тілде заңнамалық актілер әзірлеу қолдан келмеген жағдайда, тым болмаса оларды аудару сапасын жақсарту жөніндегі әңгіменің айтылып келе жатқанына да көп болды. Алайда, Үкімет Кеңсесі өз ішінен Мәжілісте енгізілетін заңнамалық актілердің мемлекеттік тілдегі нұсқасына сараптама жүргізіп, аударма сапасын тексеретін бір құрылым жасақтай алмай-ақ қойды. Осы мәселе бойынша да алдағы уақытта Үкімет тарапынан нақты іс-шаралар күтеміз.

Тіл туралы Заңның 23-бабында: "Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленеді" деген норма бар. Осы бір ғана норманы өмірге енгізудің өзі мемлекеттік тілдің жағдайын көп ілгері жылжытар еді. Жалпы, мемлекеттік тілдің қолданылуына қатысты нормаларды анықтай түсу әрі жетілдіру үшін "Тіл туралы" Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі де туындап отыр.

Бағдарламалық құжаттарда жазылған талаптардың орындалмайтынына, соның салдарынан аса зәру мәселелер шешімін таба алмай, проблемаға айналып жататынына мынадай бір қарапайым мысал келтірейін. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында оның міндеттерінің бірі ретінде "Мемлекеттік терминологиялық комиссияның мәртебесін арттыру, оның ережесін, міндеттерін, құрылымын қайта қарау" көрсетілген. Алайда, бұл талап орындалмады.

Терминология бүгінгі күні ең күрделі және проблемасы көп сала. Қазір не көп, жарыса шығып жатқан жаңа сөздер көп. Сөздіктер ала-құла. Кәсіби, салалық, ғылыми терминдердің әр жерде әртүрлі жазылуы бәрімізді де жаңылдырды. Қайбір басылымдар сөзжасамның неше түрлі нұсқаларын ұсынып жүр. Олардың принципіне сүйенсек, аударылмайтын бірде бір сөз болмауы керек. Қазақ тілінде термин қабылдаудың ғылыми принциптерін негізден, қалыптастыру жолында көп еңбек сіңірген, термин жасауда тіліміздің мүмкіндігін сарқа пайдалану керектігін жақтаған ғұлама ғалымдарымыздың бірі Құдайберген Жұбановтың өзі де халықаралық терминдерді жаппай аудара беруге болмайтынын ескерткен еді. Керек жерінде аударған жөн шығар. Алайда, оңды-солды аударудың салдарынан жұрттың қылжағына айналған сөздер көбейіп, кейде өз сөзімізді өзіміз түсінбей жататын жағдайға жеттік. Мысалы: "Қылтымаға шығып, шаптырмаға қарадым" деген сөзге не дерсіз. Мұндай әрі айтуға ұят, әрі мүлдем түсініксіз тәржімелерді өздеріңіз де кездестіріп жүрген шығарсыздар. Сол секілді газетті — "жариядат", минералды — "арасан", энциклопедияны — "мағлұтнама", технологты — "жасалымгер", таблетканы — "түймедақ", дражені — "қаптама", т.б. дейтін келеңсіз тенденция бар. Жаппай тәржімелеу мен бет-бетімен термин жасаушылық осыған жеткізіп отыр.

Бұл мәселеде тәртіп болмаса, қалың жұртшылықты былай қойғанда, термин жасаушы мамандарымыздың өзі көп ұзамай әбден шатасатынын, ал уақыт өте келе оны ретке келтіру өте қиынға соғатынын қазірдің өзінде сезіп отырмыз. Бұл жағдай заң мәтінінің аудармасымен жұмыс істеу барысында депутаттар қауымына бір ұғымның бірнеше нұсқасын ұсынып, қиындық туғызып жүр.

Бұдан шығатын қорытынды Терминкомға мемлекеттік орган мәртебесін беру керек. Қазір Терминком шешімдерінің міндетті күші жоқ, сондықтан ол бекіткен сөзді алуға да, алмауға да болады. Терминкомды мемлекеттік орган ретінде қайта құрудың мүмкіндігі болмаса, оның шешімдеріне Үкімет қаулысымен міндетті күш беру керек болар.

Терминологиялық электрондық қор жасау жөніндегі әңгіме де шешімін таппады. Әлі күнге дейін осындай қордың болмауынан бір терминнің алты рет қабылданған кезі де болыпты. Терминком терминдер мен атаулар мәселесін мықтап қолға алуға тиіс. Қоғам өмірінің экономика, ғылым, білім, мәдениет пен өнер сияқты секторлары өз кезегінде сала-салаға тарамдалып кететіні белгілі. Міне, осы салалардың әрқайсысында басшылыққа алынатын бір ғана сөздік болуға тиіс. Оған сол салада шығып үлгерген барлық сөздіктердегі қамтылған және жұртшылық қабылдаған сөздер екшеліп алынуы керек. Бұл жерде ескерте кететін бір мәселе, мен ресми тіл, заң терминдері жөнінде айтып тұрмын. Ал жалпы қазақтың тіліне мұндай талап қоя алмайтынымыз белгілі. Бір ұғымды бірнеше синонимнен айтуға болатын қазақ тілінің мүмкіндігін мұндай талаппен тұсаулап тастауға, әрине, болмайды.

Тіліміздің толыққанды қолданылуына қатысты тағы бір өзекті мәселе бар. Ол көпшіліктің қолы жетімді электронды ақпарат құралы — телевизиядағы тілдің жайы. Бұл тұрғыдан да көп әңгіме қозғауға болады...

Тағы бір назар аударатын мәселе, ендігі жерде саны ұлғайған қазақ мектептерінің беделі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесі. Рас, қазақ мектептерінің әртүрлі жарыстарда алып жүрген орындарына, басқа да көрсеткіштеріне қарағанда, өзге мектептерден кем емес сияқты. Ал байыбына барып қарайтын болсаңыздар, бұл көрсеткіштер негізінен жекелеген қабілетті балалардың үлесіне тиіп жүргенін көреміз. Былайша айтқанда, құдайға шүкір, қазақтың дарынды балалары аз емес. Менің айтпағым — қазақ мектептерінің жалпы деңгейін көтеру. Жасыратыны жоқ, баласын қазақ мектебіне намысқа тырысып беріп жататын жағдайлар да аз емес. Осының өзі-ақ көп нәрсені аңғартады. Қазақ мектептерінің беделі мен атақ-абыройы біздегі түрік лицейлеріндей асқақтап тұрса, қазақ қана емес, басқа ұлт өкілдері де баласын қазақ мектебіне беруге ынталы болар еді. Қазақ мектептерінің қажетіне баса көңіл бөлініп отырған дәл қазіргідей кезеңде олардың деңгейін мейлінше көтеру — осы салада қызмет етіп жүрген барша азаматтарымыздың қастерлі міндеті әрі ұлт алдындағы парызы.

Мемлекеттік тілді лайықты деңгейде оқытып-үйретуді басқа мектептерден де талап ету керек. Өзге ұлт мектептерінде оқитын балалар мектеп бітіргенде қазақ тілін игеріп шығатын жағдайға қол жеткізу керек. Жоғары оқу орындарында да қазақ тілін оқытудағы мақсат осындай болуға тиіс.

Алдымызда тұрған ендігі міндет — жоғарыдағыдай жайларды және олардан туындайтын өзге де мәселелерді байыппен шешу. Айналып келгенде әңгіме бәріміз білетін "Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін" деген қағидаға келіп тіреледі. Тіліміз қоғамда өз дәрежесінде қолданылуы үшін қазақша осы талапты орындаудан артық ештеңе істеудің керегі де жоқ. Біз кейде көп мәселенің өзімізге тіреліп тұрғанын ойлай бермейміз.

БІР ТІЛДЕ СӨЙЛЕУ – БІРЛІК БАСТАУЫ

Орал МҰХАМЕДЖАНОВ,
Парламент Мәжілісінің Төрағасы, "Нұр Отан" Халықтық Демократиялық партиясы фракциясының жетекшісі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ЕЛ БІРЛІГІНІҢ КЕПІЛІ

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,
Мәдениет министрі.

Қазір елімізде жүргізіліп отырған саликалы тіл саясатының нәтижесінде төзімді, толеранттық тілдік орта қалыптасқаны — айқын ақиқат қана емес, маңызды саяси-әлеуметтік құндылықтардың бірі де. Сала проблемаларын жүйелі түрде шешу үшін Елбасы Тілдерді қолдану мен дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуге тапсырма берді.

Он жыл мерзімге арналатын бұл бағдарламаны жасау кезінде мемлекеттік тілдің өрісін бұдан да кеңейтіп, оның конституциялық мәртебесін бұдан да көтере түсуге мүмкіндік беретін бірнеше басым бағыттар ерекше назарда ұсталуы керек.

Бірінші бағыт — мектепке дейінгі мекемелерде, яғни балабақшалардағы бүлдіршіндерге арналған осы заманғы кешенді әдістемелік жүйе жасау және соған орай қажетті оқу құралдарын шығару.

Осы бағыттағы жұмыстар Елбасының Жолдауында берілген тапсырмаға сәйкес арнайы әзірленіп жатқан "Балапан" бағдарламасымен ұштастырылып іске асырылады.

Екінші бағыт — орыс және өзге ұлт тілдеріндегі мектептерде қазақ тілін оқытудың жүктемесін арттырып, қазақ тілі пәнін бірыңғай ұлттық тест тапсырудағы міндетті пәндердің қатарына қосу. Осы саладағы кадрлар біліктілігі мен оқулық сапасын арттыру. Бұл бағыт ел азаматтарының қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі функциясына орай туындайтын қажеттіліктеріне және олардың мемлекеттік тілді өмірлік қажеттіліктердің бірі ретінде білуге деген ұмтылысына негізделгені жөн.

Үшінші бағыт — жоғары оқу орындарында қазақ тілін пән ретінде оқытудың жүйесін жетілдіру. Осы мақсатта тиісті салалар бойынша және мамандықтарға қарай бейімделген тиімді оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу құралдары, басқа да көмекші құралдарға деген қажеттіліктер толық өтелуі тиіс. Ең бастысы, ертеңгі мамандардың тіл үйренуі бос схолостикаға айналмай, жоғарғы оқу орнын бітірген әрбір жастың мемлекеттік тілді еркін біліп шығуына толық мүмкіндік туғызу.

Төртінші бағыт — қазақ тілінің мемлекеттік қызмет жүйесіндегі өрісін кеңейту. Қазір осыдан он, тіпті бес жыл бұрынғымен салыстырғанда, әлдеқайда зор өзгерістерге қол жеткізілгені — өмір шындығы.

Бесінші бағыт — жоғарыдағы төртінші бағытпен еншілес десе де болады. Яғни, мемлекеттік қызметшілердің тіл білуі жөніндегі жауапкершілігін арттыру және соған қажетті заңнамалық негіздерді жетілдіру.

Алтыншы бағыт — республика азаматтарының өз бетінше тіл үйренуіне қолайлы жағдай туғызу.

Жетінші бағыт — мемлекеттік тілді осы заманғы ақпараттандыру жүйесінің тіліне айналдыру. Ол үшін интернет желісіндегі қазақ тілді сайттардың көбірек ашылуын барынша қолдауымыз қажет. Байланыс және ақпарат министрлігі, басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың күш қоса қызмет етуі өте маңызды.

Сегізінші бағыт — ағылшын тілін терендетіп оқытудың әдістемесін жетілдіру.

Елбасының "Жаңа қазақстандық үрпақтардың үш тілді меңгергенін қалар едім" деген идеясының өміршеңдік қуатын ұдайы назарда ұстай отырып, бұл бағытта да маңызды істер атқарылатын болады.

Тоғызыншы бағыт — республикамыздағы өзге ұлт өкілдерінің ана тілдерін оқып-үйренуге қолайлы жағдай туғызу.

Оныншы бағыт — бұқаралық ақпарат құралдарындағы мемлекеттік тілдің ықпалын күшейту.

Он бірінші бағыт — қазақ тілінің терминдік базасын тұрақтандыру, біріздендіру және жетілдіру, ономастикалық жұмыстарды жүргізу жүйесін дамыту.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың тікелей тапсырмасымен жасалып жатқан жаңа тіл бағдарламасын әзірлеу ықтағы ірі шаралардың бірі. Жоғарыдағы он бір бағыт сонда қамтылатын болады.

Министрлік бұл бағытта ашық, жариялылықпен жұмыс атқаруда. Аталған жұмыс тобының құрамына белгілі қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, тілші-ғалымдар, саясаттанушылар, лингвистер, педагогика мамандары, қоғамдық ұйымдар мен баспасөз, басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері тартылды. Конференцияда ортаға салынған ойлар мен нақты ұсыныстардың бәрі де маңызды құжатты әзірлеуде ерекше назарда ұсталатын болады.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Білім және ғылым министрі.

Еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде ел тәуелсіздігін баянды етуге, қазақ тілінің мәртебесін нығайтуға игі ықпал ететін мынадай басым бағыттарда жұмыс жүргізілді:

Біріншіден, қазақ тілінде білім беретін оқу орындарының желісін кеңейту;

Екіншіден, қазақ тілінен басқа тілдегі мектептер мен сыныптардағы және жоғары оқу орындарының орыс тілінде білім беретін топтарындағы қазақ тілінің оқу сағаттарын арттыру;

Үшіншіден, кәсіптік орта және жоғары оқу орындарында қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытатын мамандар даярлығының көлемін арттыру;

Төртіншіден, "Болашақ" бағдарламасы бойынша шетел университеттеріне оқуға баратын үміткерлер үшін қазақ тілінен емтихан тапсыру талабын енгізу;

Бесіншіден, Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) барысында қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектеп түлектерінің қазақ тілінен тест тапсыруы.

Туған тіліміздің өрісін кеңейтіп, өресін биіктететін аса пәрменді тетіктердің бірі — қазақ тілінде білім беретін ұйымдардың көбеюі болмақ.

"Тәрбие басы — тіл" — деп Махмуд Қашқари айтқандай, баланың өз ана тілін қажетті деңгейде меңгеруі аса маңызды. Соңғы 10 жылда қазақ тілінде тәрбие беретін ұйымдар қатары 2960 ұйымға артты.

Қазақстан мемлекеттігінің түп қазығы — қазақ тілінде білім беретін мектептер желісі еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда үздіксіз өсуде. Мысалы, қазақ мектептерінің саны 1991 жылмен салыстырғанда 906 ұйымға, соңғы 10 жылда 266 мектепке көбейді.

Жалпы қазіргі кезде барлық мектептің 77,7 пайызын құрайтын қазақ және аралас тілді 5888 мектеп қазақ тілінде білім береді.

Мемлекеттік тілде білім беру желісін кеңейту жұмыстары барлық деңгейде жүргізілуде. Қазіргі кезде кәсіптік лицейлер мен колледждерде барлық кәсіптер мен мамандықтар қазақ және орыс тілдерінде даярланады. Онда оқитын 600 мыңнан астам баланың 50,4 пайызы қазақ тілінде білім алуда. Олардың саны 2007 жылдан бері 50200 адамға көбейді.

Қазіргі кезде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі бойынша әзірленіп жатқан 800 атаулы оқу әдебиеттерінің 520-сы (65%) — қазақ тілінде.

Сонымен қатар мемлекеттік тілде жоғары білікті маман даярлау ісі ұдайы дамып келеді. Егер 2001 жылы еліміздің 145 жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің тек 31,5 пайызы қазақша оқыған болса, бүгінгі күні 610 300-ге жуық студенттің 304 мыңдайы, яғни 50 пайызға жуығы мемлекеттік тілде білім алады.

Білім және ғылым министрлігінде халықаралық стандарттар негізінде ҚАЗТЕСТ қазақ тілін білу деңгейін бағалау жүйесі әзірленгені белгілі. Қазіргі кезде ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тіл меңгерудің 5 деңгейлік (қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары, жоғары) мемлекеттік стандарттары дайындалып, Индустрия және сауда министрлігінің ғылыми-техникалық кеңесінің 2009 жылғы 24 желтоқсандағы №39 хаттамалық шешіміне сәйкес бекітілді.

Қазақ тілін меңгерудің деңгейлеріне сәйкес жалпы саны 40 000-ға жуық тест тапсырмаларының қоры жинақталды.

2008 жылы ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша емтихан тапсырған 1097 үміткердің 995-і, 2009 жылғы 2288 үміткердің 2053-і өтіп, келесі турға жіберілді.

Білім беру жүйесінде жүргізіліп отырған реформалардың бір өзекті саласы — тіл мәселесі болуы орынды. Тіл мүддесі — ел мүддесі.

Білім беру мен тәрбиелеу ісі — педагогикалық қауымнан тынымсыз ізденуді, жан аямай еңбектенуді талап етеді. Бұл — біздің мемлекет, қоғам, халық алдындағы биік парызымыз.

БАСТЫ ТАЛАП – ҚАРЖЫНЫҢ ТИІМДІ ЖҰМСАЛУЫ

Мұхтар ЖӨРГЕНБАЕВ,
Бас Прокурордың орынбасары.

Тілдің қолданыс аясын кеңейтуді қамтамасыз етуде орын алған кемшіліктердің себебін анықтау мақсатында республика прокурорлары тексерулер жүргізіп келеді.

Прокурорлық тексерулер қорытындысына қарасақ:

- көптеген мемлекеттік органдар мен мекеме басшыларының тілдің қолданыс аясын кеңейтуге қатысты жұмысты ұйымдастыруы өте төмен деңгейде екенін;

- қызметкерлерінің мемлекеттік тілді жетік білуіне және іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуіне өз дәрежесінде назар аудармайтынын;

- соның кесірінен іс жүргізу мен құжат айналымының 75 пайызы тек ресми тілде жүргізілетінін анықтады.

Соңғы төрт жылда жалпы республика аумағында прокуратура органдары жүргізген тексерулер нәтижесінде 1000-ға жуық заң бұзушылықтар анықталып, олардың алдын алуға және жоюға бағытталған 819 ұсыныс, 17 наразылық енгізіліп, оларды қарау қорытындысымен 368 жеке тұлға әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Бұдан басқа, тіл мәселесі бойынша 253 заңға түсіндірулер берілді.

Жүргізілген тексерулер нәтижесінде жыл сайын кездесетін және бір-біріне ұқсас заң бұзушылық фактілері анықталды. Мысалы, кейбір өңірлерде халыққа қызмет көрсететін мемлекеттік мекемелер өзінің күнделікті жұмысында мемлекеттік тілді қолданбай, тек көзбояушылық ретінде кестелер, мәндәйшалар, көрнекті ақпараттар орналастырумен шектелген. Мұның себебі, кейбір мемлекеттік мекеме басшылары жұмысты мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге бағыттамай, оны басты мақсатқа айналдырмай, тек тіл қолданысын тексеретін уәкілетті органның алдында есеп беру үшін көзалдау жасап отыр. Көптеген құзырлы орындар сөз жүзінде мемлекеттік тілге 2-3 жыл бұрын көшіп қойғанымен, әлі де аудармашылардың қызметіне жүгінумен келеді. Осы орайда "Тіл туралы" заңнамада *(9-бап)* көрсетілген актілердің мемлекеттік тілде әзірленіп, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіліп отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін деген норманың кері әсері байқалады.

Сөйтіп, біртұтас тіл саясатын жүргізу үшін мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың құзжігерінің үйлесімділігін арттыра түсу қажет болып отыр. Яғни, еліміздің Парламенті осы уақытқа дейін бір ғана заңды (*"Көші-қон туралы"*) қазақ тілінде қабылдағанын ескере отырып, келешекте Үкімет заң жобаларын Парламентке мемлекеттік тілде ұсынса, бұл іс-шараның осы үрдісті жалғастыруға оң әсерін тигізері сөзсіз.

Жоғарыда, мемлекет тарапынан тілдің қолданыс аясын кеңейтуге, оқытуға және дамытуға керек қаражат қажетті деңгейде бөлініп жатқанын айттық. Осы бөлінген қаражат тек типті кітаптар, лингофондық құралдар, сөздіктер сатып алуға және тағы басқа әдістемелермен қамтуға арналған. Алайда, прокурорлық тексерулер кей аймақтарда осы қаражат мемлекеттік тілдің дамуына мүлде қатысы жоқ бағыттарға жұмсалатынын анықтады. Мысалы, Жамбыл облысының тілдер басқармасы жанындағы тілді оқыту орталығы азаматтарға қазақ тілін оқыту үшін: "Ночная бабочка", "Кто же виноват", "Мои друзья головорезы" және "Я-вор в законе" атты орыс тілінде жазылған кітаптарды оқу әдістемесі ретінде сатып алған. Бұдан басқа, аталған орталық облыстық бюджеттен тілді оқытуға бөлінген 18 миллион теңгенің жартысын, яғни 9 миллион теңгені ғимаратты жалдауға жұмсаған. Осы мысал кей өңірде тіл туралы бағдарламаға өз деңгейінде көңіл бөлмейтінін және бюджеттен бөлінген қаражаттың тиімсіз мақсатқа жұмсалғанын көрсетеді. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілерге тілді оқытуға бюджеттен үлкен қаржы бөлінгенімен, қазіргі тілді үйретудің тәсілін тамырымен өзгертпесе, оқытушы агенттіктердің жауапкершілігін күшейтпесе, олардың қандай нәтижеге жеткені тексеріліп тұрмаса, мемлекеттің ақшасы босқа шашыла бермек.

Оқыған азаматтар іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге, құжаттарды ресімдеуге және тіл үйрену тәжірибесін әрі қарай нығайтуға ешқандай әрекет жасамайды. Ал, еліміздегі жұмыс істеп жатқан шетел компанияларында азаматтарды жұмысқа қабылдау кезінде міндетті түрде ағылшын тілін білуін талап етеді. Осы компанияларда жұмыс істеймін, жоғары айлық аламын деген азаматтар ағылшын тілін оқытатын курстарға қатысып, екі-үш ай ішінде толық меңгеріп, шетел компанияларына жұмысқа орналасады. Бұл мысал біздің мемлекеттік тілдің қажеттілігін арттыра алмай отырғанымызды, сондай-ақ, мемлекеттік тілді үйретуге бағытталған бүгінгі әдістемелік құралдардың төмен деңгейде екенін көрсетеді.

"Тіл туралы" Заңның 23-бабында мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің және лауазымдардың тізбесі заңдармен белгіленеді делінген. Дегенмен, заң күшіне енгеннен бастап осы мерзімге дейін аталған біліктілік талаптары бойынша заң актісі қабылданбаған, ал мемлекеттік қызметке үміткерлерден қазақ тілі бойынша тестілеу формальды түрде жүргізіледі.

Тіл саласындағы заң бұзушылықтардың туындауының негізгі себептері мынадай: **біріншіден,** мемлекеттік қызметшілердің қазақ тілін меңгеруіне басшылар талап қоймайды; **екіншіден,** Заңның 24-бабына сәйкес, "Тіл туралы" заңды бұзғаны үшін лауазымды тұлғалардың жауаптылығы қарастырылған. Алайда, мұнда бірінші басшының жауапкершілігі көрсетілсе де, уәкілетті органның құзіреті нақты айқындалмаған. Осының салдарынан, осы күнге дейін бір де бір мемлекеттік орган тіл туралы заңды бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылмаған, себебі, заңнамада жауапкершілік көзделмеген. Сондықтан, Тіл туралы Заңның осы механизмін жетілдіру қажет; **үшіншіден,** қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған шараларды іске асыруда мемлекеттік органдар көбіне жеделдете оқыту курстарын ұйымдастыру және бөлінген бюджет қаражатын игеру туралы есеп берумен шектеледі. Бірақ, мемлекеттік тілді қолданысқа тереңдеп енгізудегі негізгі қиындық қаржы тапшылығында емес, сол қаражаттың тиімді жұмсалуында. Соның нәтижесінде қанша адамның мемлекеттік тілде іс қағаздарын еркін жүргізіп, таза сөйлейтін дәрежеге жетуінде болуы тиіс.

Қысқасы, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту жолдары ретінде мына мәселелерге назар аудару қажет:

Бірінші, қазақ тілін оқытудың жаңа, тиімді жолын ұйымдастыру; **екінші,** тілді оқытатын орталықтардың жауапкершілігін арттырып, уәкілетті органдардың формальды түрде сертификаттар беруінің жолын кесу; **үшінші,** тілді оқыту құқығын тіл оқыту әдістемесі, педагогикалық, кадрлық мүмкіндігі, тәжірибесі бар институттарға бекіту; **төртінші,** заң жобаларын қазақ тілінде дайындауға қабілетті мамандарды даярлау, т.б.

"Тіл туралы" заңның 4-бабына сәйкес, Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы екенін үнемі есте сақтау керек.

Міне, осы жағдайда ғана мемлекеттік органдарда құжат айналымының қазақ тілінде жүргізілуін қамтамасыз ету мүмкіндігі арта түседі.

БӘРІМІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Павлодар облысының әкімі.

Ана тіліміздің қоғамның барлық салаларында өз мәртебесіне лайық орын алуы — мемлекеттік мәні бар өте маңызды мәселе. Сол себепті облысымызда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында негізгі үш бағыт бойынша жүйелі жұмыстар атқарылып келеді.

Біріншіден, мемлекеттік органдардағы іс қағаздарының мемлекеттік тілде жүргізілу сапасы бақылауға алынып, қажетті әдістемелік көмек көрсетілуде. Аймағымыздағы қазақ тілінің ахуалын сараптау үшін облыс әкімдігінің жанынан құрылған мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс тобының отырысында тоқсан сайын қала, аудан әкімдерінің есептері тыңдалып, құжаттарды мемлекеттік тілде дайындау жөнінде қатаң талап қойылды.

Бүгінгі күні облысымыздағы 10 әкімдік пен 4 басқарманың мәжіліс залы және 3 мәдениет мекемесі ілеспе аударма құралдарымен жабдықталған. Сапалы аудармамен қамтамасыз ету мақсатында облыстық іс-шаралар жоспары шеңберінде ілеспе аудармашылар оқытылуда.

Екіншіден, "Бүгінде қазақ тілі Қазақстан халқын бір мақсатқа топтастыратын, ұлттық жаңғыруымызға серпіліс туғызатын айырықша күшке ие болды" — деп Елбасымыз айтқандай, достықтың киелі бесігіне айналып, талай ұлтты бауырына басқан Ертіс өңірінде өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген қызығушылығының артуына байланысты, әкімдік тарапынан жүйелі түрде тиісті шаралар ұйымдастырылып, қолдау көрсетілуде.

Соның нәтижесінде аймағымызда 1000-ға жуық мектеп жасына дейінгі балалар қазақ тілінде тәрбие беретін балабақшаларда, 500-ге жуық өзге ұлт өкілдерінің балалары қазақ мектептерінде, 100-ден астам қазақ тілін жетік меңгерген өзге ұлт студенттері жоғары оқу орындарында білім алуда. Жалпы облыс бойынша 2009 жылы 12832 әртүрлі санаттағы азамат мемлекеттік тілді оқып үйренді. Бұл қазақ тіліне деген сұраныстың артқандығының белгісі.

Үшіншіден, мемлекеттік тіл саясатын насихаттау және оны іске асыру мақсатында түрлі мәдени-бұқаралық шаралар ұйымдастырылып келеді. Өзге ұлт жастарының қатысуымен мемлекеттік тілді үйренуді жарнамалайтын бейнероликтер дайындалып, облыстық телеарналардан көрсетілуде. Сондай-ақ, жастардың бастамасымен "Ортақ тіл", "Тілдес" бағдарламалары жарыққа шығуда.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде өзге ұлт студенттерінің шығармашылық идеясымен қазақ театры ашылып, халқымыздың ұлы классиктерінің туындыларын сахнаға шығаруда.

Сонымен қатар, ғаламторда мемлекеттік тілдегі "Достық кеңістігі", Халықаралық "Қазақ тілі" қоғамы облыстық ұйымының "Ертіс дидары" және Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы облыстық филиалының "Қайран елім" сайттары жұмыс істеуде.

"Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде. Тілсіз ұлт болмайды. Өз тіліміздің сақтау, өз тіліңді құрметтеу отаншылдық рухты оятуға қызмет етеді, әрі ата-баба алдындағы ұлы парызымыз" — деп Елбасымыз айтқандай, тіліміздің мерейін көтеріп, асқақтату барша мыздың басты міндетіміз.

Бетті дайындаған Сүлеймен МӘМЕТ, "Егемен Қазақстан".